

«Жас қыран» байқауын өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Атауы - «Жас қыран» байқауы (бұдан әрі – Байқау)
- 1.2. Байқауды ұйымдастырушы – «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – Ұйымдастырушы)
- 1.3. Байқау Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өткізіледі.
- 1.4. Осы ереже Байқаудың мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру, өткізу және гранттар беру тәртібін айқындайды.

2. Байқаудың мақсаты

- 2.1. Байқаудың мақсаттары:
 - Дарынды балаларды қолдау;
 - Компанияның әлеуметтік тұрғыдан жауапты, ортаны дамытуға ықпал ететін беделін қалыптастыру;

4. Байқауға қатысушылар

- 4.1. Байқауға Қазақстанның барлық өңірлерінен Қазақстан азаматы болып табылатын және оның аумағында тұратын өңірлік байқаулардың, жарыстардың, олимпиадалардың жүлдегерлері болып табылатын 7-17 жас аралығындағы балалар қатыса алады.
- 4.2. Байқауға қатысу барлық ниет білдірушілер үшін тегін.
- 4.3. Байқау жеңімпаздары әуежай алымдарын өздері төлейді.

5. Байқаудың қазылар алқасы

- 5.1. Ұйымдастырушы Компанияның корпоративтік байланыстар департаментінің вице-президенті және комплаенс пен орнықты даму мәселелері департаментінің бақылаушылары атынан қазылар алқасының төрағасын тағайындайды.
- 5.2. Ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы Төрағаның шешімі негізінде бекітіледі.
- 5.2. Қазылар алқасының қалған мүшелері тәуелсіз және Компания қызметкерлері бола алмайды.
- 5.3. Қазылар алқасының құрамы Төрағаның шешімімен өзгертілуі мүмкін.
- 5.4. Комплаенс қызметі өкілдерінің құзыретіне Байқауды ашықтық, тәуелсіздік және объективтілік нормаларына сәйкес өткізуді бақылау кіреді.

6. Байқаудың ұйымдастырылуы

- 6.1. Байқау осы Ережеге сәйкес өткізіледі.
- 6.2. Байқаудың шарттары мен мерзімдері туралы ақпарат беру компанияның әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ www.airastana.com сайтта жүргізіледі.
- 6.3. Байқауға қатысушы толтырылған өтінімді, сондай-ақ бейнеүндеумен бірге қажетті құжаттар пакетін береді (1-қосымшаны қараңыз).
- 6.4. Қатысушы ұзақтығы 1 минутқа дейін сілтеме түрінде бейнеүндеу (қазақ немесе орыс тілінде) жібереді.
- 6.5. Бейнеүндеу тақырыбы: «Неге біз сені таңдауымыз керек?»

6.6. Қатысушы бала өзі туралы айтып беріп, грант неліктен оған берілуі керек екенін түсіндіруі қажет.

6.7. Ай сайын «Жас қыран» байқауы аясында балаларға 5 грант, сондай-ақ еріп жүретін адамдарға 5 грант бөлінеді.

6.8. Еріп жүретін адам ата-анасы, қамқоршысы, оқытушысы, жаттықтырушысы, сондай-ақ жақын туысы болуы мүмкін. Еріп жүретін адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баламен еріп жүруге деген сенімхатты ұсынуы қажет.

7. Байқауды өткізу тәртібі

7.1. Қатысушылар толтырылған өтінімдерді қажетті құжаттар пакетімен бірге байқау/жарыс/олимпиада өткізілгенге дейін 2 айдан кешіктірмей ұсынады.

Өтінімдер ай сайын әр айдың 1 күнінен бастап 20 дейін zhaskyran@airastana.com электрондық пошта мекенжайына қабылданады. Өтініш берушілердің өздері толтырылған өтінімдер мен ұсынылған құжаттардың дұрыстығына жауап береді.

7.2. Өтінімдерді жинау мерзімі аяқталғаннан кейін ұйымдастыру комитеті толтырылған өтінімнің дұрыстығын, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың тізбесін тексереді және соның негізінде грантқа үміткерлердің қорытынды тізімін қалыптастырады. Әр айдың 25-күніне дейінгі мерзімде тізім қазылар алқасының қарауына жіберіледі. Қате толтырылған өтінімдер, сондай-ақ құжаттардың толық емес пакеті одан әрі қаралмайды.

7.3. Ұсынылған құжаттар негізінде Байқаудың қазылар алқасының мүшелері ай сайынғы кеңес барысында грант алушыларды дауыс беру арқылы айқындайды.

7.4. Қажет болған жағдайда қазылар алқасы белгілі бір саланың бөгде сарапшыларын тартуға құқылы.

7.5. Даулы мәселелер туындаған жағдайда түпкілікті шешімді қазылар алқасының төрағасы қабылдайды. Компания Байқау қорытындыларын түсіндірмеуге құқылы.

7.6. Қорытынды нәтижелер әуекомпанияның сайтында келесі айдың 5-күнінен кешіктірілмей жарияланады. Грант алушылар әуе сапарына сертификат алады. Байқауда/жарыста/олимпиадада жеңіске жеткен жағдайда грант алушы дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

Байқауға арналған материалдар:

1. Дұрыс және қисынды толтырылған өтінім. Өтінім қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.

2. Іс-шараның күнін, орнын және мәртебесін көрсете отырып, байқауға/жарысқа/олимпиадаға грант алушыны ресми шақыру.

3. Байқауға қатысушының өзі туралы ақпаратпен және гранттың неге қатысушыға берілуі керектігін түсіндіре отырып, ұзақтығы 1 минутқа дейінгі бейнеүндеу (қазақ немесе орыс тілінде) жазу. Бейне YouTube, Google Drive және т. б. сілтеме түрінде жіберіледі.

4. Байқауға қатысушының және онымен еріп жүретін адамның жеке басын куәландыратын құжаттар.

5. Есепті көрсетілген нысанда беру туралы жазбаша міндеттеме (№ 1 қосымша).

№ 1 қосымша

Мен, «Жас Қыран» байқауының грант алушысы _____ (аты-жөні) сапар нәтижелері бойынша есеп беруге міндеттенемін, атап айтқанда:

- 1) ұшақ бортында жасалған фото
- 2) әлеуметтік желілерде #zhaskyran_airastana хэштегі көрсетілген екі жарияланым
- 3) аталған байқауға қатысу туралы диплом немесе сертификат.